

4-сынып

Бағыт	Сұрақтар саны
Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс)	10 сұрақ
Математикалық сауаттылық:	20 сұрақ
Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық:	20 сұрақ



154 минут (2 сағат 34 минут)

10 минутқа дейінгі үзіліспен (оқушылардың қалауы бойынша) әрбір 25 минут сайын

9-сынып

Бағыт	Сұрақтар саны
Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс)	15 сұрақ
Математикалық сауаттылық:	20 сұрақ
Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық:	30 сұрақ



189 минут (3 сағат 9 минут)

10 минутқа дейінгі үзіліспен (оқушылардың қалауы бойынша) әрбір 35 минут сайын

КҮНІНЕ: 2-3 тест әкімшісі, 1 бақылаушы, 84 оқушы: 4-сынып – 42 оқушы, 9-сынып – 42 оқушы

1-сессия (таңғы 9:00), 4 немесе 9 сынып (оқу ауысымына байланысты)

№1 Кабинет (21 оқушы)

№2 Кабинет (21 оқушы)



Тест-әкімші:
1 мектеп қызметкері



Тест-әкімші:
1 мектеп қызметкері



Бақылаушы:
ҚР ОМ уәкілетті
өкілдері

2-сессия (түстен кейін), 4 немесе 9 сынып (оқу ауысымына байланысты)

№1 Кабинет (21 оқушы)

№2 Кабинет (21 оқушы)



Тест-әкімші:
1 мектеп қызметкері



Тест-әкімші:
1 мектеп қызметкері



Бақылаушы:
ҚР ОМ уәкілетті
өкілдері

РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ:

- ББЖМ платформасында калькуляторды пайдалану
- ББЖМ платформасында **МЕНДЕЛЕЕВ** кестесін пайдалану

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Телефонды пайдалану, тапсырмаларды суретке түсіру
- Тест әкімшісінен, ұлттық бақылаушыдан басқа бейтаныс адамдарды кіргізу
- Қалам, қарындаш, қағаз, судан басқа бөгде заттарды әкелу

ББЖМ-ға келмеудің дәлелді себептері: ауру, жарыстар, мектептен шығу (анықтама, сертификаттарды, бұйрықтарды ұсыну)

ТЕСТІЛЕУ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ

Teams требуется разрешение на доступ к микро... ✕

Для предоставления разрешения перейдите в настройки конфиденциальности.

Жұмыс түрі	Қажетті уақыт
Компьютерлік сыныпты дайындау	30 минут (шамамен)
Жүйеге кіру, құпия сөз теру	10 минут (шамамен)
Кіріспе	5 минут (шамамен)
Тестілеу	А) 154 минут (4 сынып үшін) В) 189 минут (9 сынып үшін)
Сауалнама	25-30 минут (шамамен)
Тестілеуді аяқтау, мәліметтерді жинау	5 минут (шамамен)
Барлығы	Жалпы уақыт: 3 - 4 сағат (шамамен)

1. 4 және 9 сынып оқушыларын бір аудиторияға отырғызуға бола ма?

Жоқ, 4 және 9 сынып оқушылары әртүрлі аудиторияларда тестілеуден өтуі керек.

2. Егер қазақ тілінде оқитын оқушылар көп болса, қазақ тілінде оқитын оқушылардың бір бөлігін орыс тілінде оқитын оқушылармен бірге отырғызуға бола ма?

Жоқ, орыс және қазақ тілдерінде оқитын оқушылар тестілеуді әртүрлі кабинеттерде тапсырады

3. Ағылшын тілінде оқу сауаттылығын тапсыра ма?

Биылғы жылы Оқу сауаттылығын тек оқыту тілінде тапсырады, орыс тілінде оқитын сыныптар орыс тілінде, қазақ тілінде оқитын – қазақ тілінде тапсырады.

4. Егер оқушы тестілеуді аяқтаса келесі оқушыны кіргізуге болады ма?

Жоқ, барлық оқушылар бір уақытта кіріп-шығады, егер оқушы тестілеуді ертерек аяқтаса, басқаларға кедергі келтірмеу үшін оған оқуға көркем кітап (Мектеп үйлестірушісі алдын-ала дайындаған) ұсынылады.

5. Сыныптарды мектептегі ағындарға кім бөледі?

Сыныптар ағындарға мектеп өз қалауы бойынша бөлінеді, 4, 9 сыныптардың ауысымын ескере отырып (ыңғайлы болу үшін): егер 4-ші сыныптар бірінші ауысымда оқыса, онда тест 1-ші сессияда, егер екінші ауысымда – 2-ші сессияда тапсырылады.

6. 4-сынып үшін калькуляторды қолдануға бола ма?

Жоқ, калькуляторларды тек 9-сыныптарда қолдануға рұқсат етіледі, тестілеу платформасында кіріктірілген калькулятор, Менделеев кестесі және тұздың ерігіштік кестесі бар.